

ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ-АҚ ҚАЗАҚСТАН ЛАТВИЯ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ (LDz) МАҢЫЗДЫ ШЕТЕЛДІК СЕРІКТЕСТЕРІНІҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАНМЕН АРАДАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ШАМАМЕН БІЗДІҢ ЖҮК КӨЛЕМІНІҢ ТӨРТТЕН БІРІН ҚҰРАЙДЫ. ОСЫ БАҒЫТТА ТЕМІР ЖОЛДАҒЫ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ ҚОС МЕМЛЕКЕТ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ.

Марис КЛЕЙНБЕРГС,  
Латвия темір жолы (LDz) басқарма төрағасы



№85 (2800)  
01/11/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## Sheberler Alany: диалог мастеров

Вчера в центральном офисе АО «НК «ҚТЖ» состоялся форум Sheberler Alany, посвященный вопросам обучения производственной безопасности. Мероприятие завершило работу академии мастеров производственного обучения «Шеберлер қазынасы».

**Любовь РОББА,**  
Астана

В форуме в Астане приняли участие более 200 мастеров и инструкторов производственного обучения, а также руководителей региональных структур, филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ».

Академия «Шеберлер қазынасы» создана по инициативе главного инженера АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева и директора департамента управления человеческими ресурсами Сауле Истлеевой.

Ее основные цели – повышение качества производственного обучения и уровня производственной безопасности, развитие профессиональных и личностно-деловых качеств работников, отвечающих за техническую учебу, выявление эффективных инструментов коммуникаций, создание здоровой атмосферы и правильной мотивации персонала.

С августа по октябрь два потока мастеров и инструкторов производственного обучения из разных регионов страны (200 человек) стали слушателями уникальной трехмодульной программы, подготовленной внутренними тренерами, профильными экспертами, а также

именитыми бизнес-тренерами Ильдаром Валиуловым и Ерланом Мустафиним. Во время онлайн- и офлайн-тренингов, вебинаров слушатели погружались в вопросы бережливого производства, управления эффективностью, коммуникаций, ораторского искусства, обменивались практиками, а также разрабатывали программу и сценарий проведения технического занятия и т. д.

Завершающим этапом стал форум Sheberler Alany в Астане с участием топ-менеджмента компании.

Во время панельной сессии своими экспертными мнениями о важности постоянного развития компетенций работников, отвечающих за вопросы безопасности, поделились председатель совета директоров АО «НК «ҚТЖ» Юрий Лавриненко, заместитель председателя правления Канат Альмагамбетов, директор департамента управления человеческими ресурсами Сауле Истлеева и приглашенные гости – управляющий директор по связям с общественностью, социально-трудовым отношениям и охране труда АО «Самрук-Қазына» Гибрат Ауганов и управляющий директор по производственной безопасности АО «НАК «Казатомпром» Манас Искаков.



– Нынешний год в целом по группе компаний АО «Самрук-Қазына» объявлен Годом производственной безопасности, поэтому мы уделяем этому вопросу особое внимание, – отметил в приветственном слове Гибрат Ауганов. – Мы проводим HSE-комитеты, где подробно обсуждаем каждый случай и даем соответствующие рекомендации. Что касается подготовки кадров, Samruk Business Academy разрабатывает отдельную программу по повышению культуры безопасности, которая может быть применена уже в следующем году.

Говоря об основных причинах травмирования на рабочем месте, Канат Альмагамбетов отметил, что, по статистике, такие ситуации чаще всего случаются либо с вновь принятыми работниками – в первые год-полтора стажера на железнодорожном транспорте, либо с опытными работниками, которые трудятся в отрасли более 10-15 лет и теряют бдительность.

И в том, и в другом случае, по его мнению, ответственность лежит на

руководителях, инспекторах, мастерах производственного обучения, ревизорах. – Обеспечение безопасности и охраны труда – процесс непрерывный. Необходимо обращать особое внимание как на молодых, вновь принятых работников, так и на опытных железнодорожников, которые считают, что уже все знают, – обратился к участникам Канат Альмагамбетов.

В свою очередь Юрий Лавриненко указал на необходимость обновления технических кабинетов, приобретения современного оборудования, чтобы знания работников подкреплялись всеми возможными подручными техническими средствами. Он положительно оценил работу академии и поиск новых форм обучения, отметив, что все это будет работать на положительный конечный результат.

Опытном обеспечении производственной безопасности в АО «НАК «Казатомпром» поделился Манас Искаков. Один из методов – поощрение работников.

В рамках форума ряд слушателей рассказали свои личные истории, используя формат TED TALKS, подпискутировали во время сессии «Просто о сложном. Из инструкций в стих» и поучаствовали в баранном тимбилдинге.

Сауле Истлеева поблагодарила слушателей академии за активное участие и стопроцентную вовлеченность в процесс обучения.

– Это проект станет основой для других таких же программ, которые позволят нам продвигать и развивать компетенции для производственного персонала, – сказала она.

В завершение форума состоялась церемония награждения самых активных участников – авторов лучших проектов.

Фото Александра ЖАБЧУКА  
Продолжение темы на 2-й стр.

## ПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТҚАН

Транскаспий көлік бағдары арқылы тасымалға қызығушылық танытқан шетелдік компаниялар саны артып, олар Ақтау портына жиі келе бастады. Өткен аптада бірнеше халықаралық компания өкілдері теңіз сауда портының жұмысымен танысты.

Шетелдік делегация қазақстандық теңіз инфрақұрылымын дамытуға инвестиция салу мүмкіндіктерін сөз еткен. Олар осы арқылы ТХКБ инфрақұрылымын қолдана отырып өз жүктерін тасымалдауда логистикалық тізбекті оңтайлы етіп құруға мүдделі. Атап айтқанда, Батуми портындағы мультимодальды терминалға иелік ететін және Орталық Азия елдерінен, соның ішінде қомақты көлемде күкірт тасымалдаумен айналысатын Wondernet Express Investment Group грузин компаниясы бар, компания Каспий теңізіндегі қазақстандық порттардың бірінде құрғақ жүк өңдеу терминалының құрылысына инвестиция бөлуге бастама көтерген. Ал «MEDLOG KAZAKHSTAN» ЖШС Түркияның Ярымча порты бағытында контейнер транзиті үшін мүмкіндіктерді зерттеп, бағалауды жалғастыруда.

Сонымен қатар жапондық бизнес-қоғамдастық делегациясы да Қазақстан бойынша логистика мәселесін де, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту перспективаларын да зерделеу мәселесімен айналысуда. Шетелдік делегация құрамында сонымен қатар белгілі жапондық Kawasaki Heavy Industries, Nippon, Nissin corporation, Sumitomo Corporation бренд компанияларының да өкілдері болды. Одан бөлек алемдік деңгейдегі сауда, логистикалық, порттық Abu Dhabi Ports Group компаниясының да өкілдері Ақтау портына келді. Олар Ақтау, Құрық порттары мен «Ақтау теңіз порты» АЭА порттық инфрақұрылымы нысандарын аралап, өңірде ҚР ИИДМ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және ҚМТ компаниялары басшылығымен кездесті.

Ұлан ОПАЗ

## ПЕРЕВОЗКИ НА ПАРОМАХ

В Ташкенте прошло специальное заседание Транспортного координационного комитета. В мероприятии приняли участие руководители профильных учреждений Казахстана, Азербайджана, Кыргызстана, Турции, Узбекистана, Венгрии и Туркменистана.

В ходе заседания обсуждались вопросы совместного запуска перевозок на грузовых паромов в Каспийском море и цифровизации транспортных и транзитных операций между государствами, в том числе в рамках ТМТМ. Кроме того, рассмотрен проект Соглашения о международных комбинированных грузовых перевозках между государствами – членами ОПТ.

В своем выступлении заместитель министра индустрии и инфраструктурного развития Алмаз Идырысов отметил положительную динамику сотрудничества стран – участниц Тюркского совета в области такого важного компонента внешнеэкономических и внешнеэкономических связей, как автомобильные перевозки.

Также он поднял вопрос о необходимости развития бесконтактной иностранной торговли и мультимодальной транспортной системы.

Стоит отметить, что Организация тюркских государств ежегодно созывает саммиты по определенным темам, на которых оцениваются итоги прошедшего периода и определяются цели на следующий год.

Так, на прошедшем в Стамбуле заседании главы государств – членов организации подчеркивали важность вопросов транспорта и транзита для дальнейшего развития торгово-экономического сотрудничества и поручили соответствующим институтам своих стран продолжить создание благоприятных условий и упрощение административных процедур в целях преобразования Транскаспийского международного коридора Восток – Запад в эффективный, устойчивый и беспрепятственный маршрут.

Айлин БАУРЖАН

## Инфрақұрылым

### БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМАЛАР ЖАҢАРУДА

Ақтөбелік теміржолшылар жылжымалы құрамның қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру үшін кешенді жұмысты қолға алды. Жол шаруашылығында күрделі жөндеу жүріп жатыр. Биылғы жоспар бойынша Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі аумағында 14 бағыттамалы бұрма жаңартылуға тиіс. Қазіргі уақытта оның тоғызында жұмыс аяқталып, ескі бұрмалар жаңа темірбетонды негізге көшірілді.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Жыл соңына дейін жоспар бойынша тағы бес станцияда бұрмалар ауыстырылмақ. Осыған дейін қолданылып келген ағаш білеулі бағыттамалы бұрмалардың пайдалану мерзімі өтіп, отыз жылдан бері ауыстырылмағандықтан қозғалысқа қауіп төндіре бастаған. Міне, биыл уақыт талабына сай төзімділігі мен тиімділігі жоғары темірбетонды нұсқаға ауыстыру жұмыстары жаппай жүргізіліп жатыр.

Кешегі күні Ақтөбе станциясында бағыттамалы бұрманы ауыстыру жұмысына Ақтөбе жол дистанциясының төрт айналымынан 50 шақты жолшы жұмылдырылған. Алты сағаттық толаскез ішінде олар ЕДК 500 кранының көмегімен бағыттамалық аударманы толық ауыстырып бітулері тиіс.

– Келісілген уақыт шеңберінде жоспарланған жұмыстың бәрі ретретімен, ең бастысы техникалық талаптарға сай жүргізіліп, Ақтөбе станциясы жолындағы бағыттамалы бұрманы жаңарту сәтімен жүзеге асырылды дей аламыз. Бұдан бұрын Қаратоғай, Жайсаң, Жіңішке және 39-разъезде



бұрмаларды ауыстыру жұмыстары жүргізілген. Алдағы уақытта тағы бес бұрманы осы тәсілмен өз күшімізбен ауыстырамыз, – деді Ақтөбе жол дистанциясы бастығының орынбасары Дархан Орынбаев.

Айтуынша, қолданылып жатқан материалдардың дені – отандық өнімдер. Жаңа бағыттамалы бұрмалар қозғалыс қауіпсіздігі, жолдың қызмет

керсету сапасын жақсартып қана қоймай, жылдамдыққа да оң әсерін тигізіп, ең бастысы жол табанының сенімділігін арттырмақ. Бұл өз кезегінде жолдың жоғарғы құрылысының қызмет ету мерзімін ұлғайтып және ағымдағы күтіп-ұстауға жұмсалатын пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Суретті түсірген автор



**Марат ШАКЕНОВ,**

директор департамента безопасности движения  
АО «НК «ҚТЖ»:

«**ЗА ДЕВЯТЬ МЕСЯЦЕВ 2022 ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» НАБЛЮДАЕТСЯ ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА СНИЖЕНИЯ НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ, ПО СРАВНЕНИЮ С АНАЛОГИЧНЫМ ПЕРИОДОМ ПРЕДЫДУЩЕГО ГОДА – НА 11%. ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА С НАЧАЛА ГОДА НАБЛЮДАЕТСЯ И ПО СЛУЧАЯМ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ТРАВМАТИЗМА В АО «НК «ҚТЖ» – ИХ КОЛИЧЕСТВО К 2021 ГОДУ СНИЗИЛОСЬ НА 25%.**»

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«КУТУ ПАРАҒЫ» ҚЫЗМЕТІН

**300** мың

ЖОЛАУШЫ ПАЙДАЛАНҒАН.

БИЫЛҒЫ 9 АЙДА ТХКБ АРҚЫЛЫ ЭКСПОРТ ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

**7.9**

ЕСЕГЕ ӨСТІ

ОСЫ ЖЫЛЫ 8 АЙДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ

**43**

ПАЙЫЗҒА АРТТЫ.

## КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау



Түбек теміржолында жылыту кезеңі қазан айында басталды. Десе де, теміржолшылар отын қорын қамдауға ерте кірісті. Бүгінге дейін 621 тонна қатты отын жеткізілген.



Сала мамандарының айтуынша, алда тағы да 207 тонна алынады. Сонымен биылғы науқанға жоспар 828 тоннаны құрамақ. Оған қоса қоймада өткен жылдан қалған 320 тонна қалдық көмір де бар. Демек, биылғы қыс сұранысын өтеуге жетеді деп болжап отыр.

Маңғыстаудан бірнеше жолаушы пойызы қатынайды. Солардың ішінде «Маңғыстау-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызы көмірді көп қажет етеді. Үш күн жол жүретіндіктен бір рейске орта есеппен 3 тоннадай көмір кетеді екен. Қалған бағыттар бойынша 1 тоннадай көмір жағылады. Ауа райы суытып аяз болса, әрине барлық бағытта отын тұтыну мөлшері артары сөзсіз.

– Бүгінде жолаушы пойыздары жып-жылы. «Батыс» жолаушылар тасымалының, «Сарыарқа» қалааралық тасымалының және «ОтпанЛогистик» жергілікті жекеменшік компанияның пойыздары қатынайды. Күнделікті осы компаниялар жасақтайтын Маңғыстау-Семей, Маңғыстау-Атырау-Ақтөбе, Маңғыстау-Бейнеу, Маңғыстау-Ақтөбе пойыздарына қажет көмір беріледі. Рейс алдында әр вагонға 100-150 келден салынады. Күн суыта бастаса, көтерілетін болады. Бір вагонға 400 келіге дейін көмір сыяды, – дейді «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің бригадирі Асқар Жанатбаев.

Жауапты маманның сөзінше, отын тасуға арналған екі трактор жүргізушісімен және көмірмен жабдықтаушы бес адам барлық жұмысты игереді.

Суретті түсірген автор

## ДАЙЫНДЫҚ ДАҒДЫНЫ ДАМЫТАДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты №31 Қызылорда өрт сөндіру пойызының жұмысы Қызылорда станциясының кірме жолында тұтанған өртті 28 минут ішінде ауыздықтап, апаттың алдын алды.



«Жүк вагонында тұтанған өртті сөндіру» тақырыбында жергілікті өрт ұжымдарымен бірлесіп өткізілген өрт-тактикалық оқу-жаттығу кезекті шеберлікті шыңдау сабағы болды. Тілісіз жауды ауыздықтауға Қызылорда өрт сөндіру пойызынан, Әскерлендірілген теміржол күзетінен, Қызылорда станциясынан, Қызылорда локомотив пайдалану депосынан жалпы саны 62 адам қатысып, 8 техника жұмылдырылды.

– Қызылорда станциясының кірме жолындағы жанармай құйылған жүк вагонында өрт тұтанғаны жайлы дабыл түскен сәттен бастап өрт сөндіру пойызының оқиға орнына жетуі, өрт сөндіруге дайындығы, әрі қарайғы іс-әрекеті секілді барлық талаптар сауатты атқарылып, тілісіз жауды ауыздықтауға берілген шартты уақыт ішінде ауыздықталды, – деп мәлімет берген Қызылорда өрт сөндіру пойызының бастығы Рыспек Шадаев әріптестерінің оқиға орнына жедел жетіп, әбжіл қимылдаудағы іс-әрекетін жоғары бағалады.

Тактикалық оқу-жаттығу станцияның маневрлік диспетчері Ф.Әбішевтің 11 сағат 30 минутта вагонның түгіндегенін хабарлаған дабылдан басталған. Бір минут өткенде №11 бұйрық бойынша Қызылорда өрт сөндіру пойызына оқиға орнына келуге пәрмен беріліп, 3 минут ішінде машинист Сайлаубаевтың басқаруындағы ТЭМ-2 тепловозымен өрт сөндіру пойызы оқиға орнына жеткізілді. Бұл кезде 11 сағат 38 минут болған. Бір минут оқиға алаңын барлап, дайындық жасаған құрам жедел іске кірісіп, 11 сағат 57 минутта өрт сөндірілгені жайлы рапорт берді. Жалпы жүк вагонындағы енді тұтанған өрт 16 минутта сөндірілгенмен, маневр диспетчерінің хабарынан кейін 28 минут уақыт өтті.

Суретті түсірген автор

## «ШЕБЕРЛЕР АЛАҢЫНДА» ШЫҢДАЛДЫ

«КТЖ» ҰК» АҚ-да компанияның оқыту шеберлеріне өндірістік білім беруге арналған «SHEBERLER ALANY» форумы өтті. Қауіпсіздік минутты, панельдік сессиямен басталған форум түстен кейін тимбилдинг және марапатпен жалғасын тапты.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Сессия тақырыбы «Күрделі жайттар туралы. Нұсқаулықтан сызбаға өту» деп аталды. Оны форум қатысушыларына «Смыслотека» компаниясының негізін қалаушылардың бірі, бизнес жаттықтырушы Сергей Гевлич өткізді. Сессия барысында ол теміржолшыларға «Нұсқаулықты қалай құру керек?», «Ең үздік нұсқаулық қандай болады?» деген сауалдарға жауап табуға тапсырма берді. Бұл ретте залдағы қатысушыларды үш-үштен бөлініп, топ құруға шақырды. Бөлінген топтар тақырыпты өзара талқылап, ең үздік нұсқаулық үлгісін бір смартфоннан ұйымдастырушыларға арнайы QR код арқылы жолдады. Одан бөлек әр топтың бір өкілі микрофон алып, ең үздік нұсқаулыққа қойылатын талаптар туралы қысқа да нұсқа ойларын жеткізді. 200-ден астам өндірістік оқыту шеберлері мен нұсқаушылар қатысқан форум туралы теміржолшылар пікірі өте жоғары.

– «Шеберлік алаңы» форумы аясында биыл қыркүйек айында Қарағандыда үш күн оқудан өттік. Оқудың пайдасын жұмыс барысында



қолданып, тиімділігін көріп жатырмыз. Заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін үйретті. Компания басшылығы тарапынан өндірістік оқуға осылай көңіл бөлінуі өте дұрыс қадам деп есептейміз. Себебі мұның бәрі қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Міне бүгін сол форум аясындағы іс-шаралар елордада қорытындыланып жатыр, – дейді Шалқар ПЧ-8 мекемесінің оқыту шебері Сәкен Жақып.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының оқыту жөніндегі шебері Эльмира Егембердиева да теміржол мекемелерінде осындай іс-шаралардың маңызы зор екенін атап өтті.

– Мұндай форум мен жұмыс істегелі бірінші рет өтіп жатыр. Оқу барысында үйренген әдістер арқылы өзіміздің жұмысымыз керектің бәрін алдым. Біз тамыз айында офлайн, сосын өткен айда онлайн форматта оқыдық. Алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын тапса деген тілегіміз бар, – дейді ол.

Одан әрі форум барабан соғу тимбилдингмен жалғасты. Оны Санкт-Петербургтен

келген музыкант Антон Филатов жүргізді. Қатысушылардың көңілін көтеріп, сергіту мақсатында өткен тимбилдинг барысында барабан ойнау, әуен ырғағымен таяқ ұру, сылдырмақ соғу арқылы теміржолшылар күнделікті бірсыдырғы тірліктен бір ауық басқа әлемге өтіп, бой жазып, демалып қалғандай болды.

Форум соңында үш модульді оқыту бағдарламасының жұмысы қорытындыланып, барлық қатысушылар оқудан өткендігі туралы арнайы сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар бірқатар қызметкерлер өндірістік оқуды ұйымдастыру және өткізу бағытындағы қажырлы еңбегі мен кәсіби адалдығы үшін «КТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің Алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ, қоса осы форум қатысушылары арасынан алдағы жылы «Ішкі тренер» корпоративтік бағдарламасы бойынша оқуға 20 оқыту шебері таңдап алынып, оларға сертификаттар берілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## Сұхбат

### ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Темір жолда қозғалыс қауіпсіздігін сақтау – ең жауапты міндет. Алайда, жүк және жолаушы тасымалын жүзеге асыратын салада қауіпсіздік әркез сақтала бермейтіні шындық, түрлі келеңсіз жағдайлар орын алып жатады. Оның себептері де әр алуан. Өңірдегі қауіпсіздік ревизорлары жұмысының негізгі бағыты – осы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қауіп-қатердің алдын алу болып саналады. «КТЖ» ҰК» АҚ Қауіпсіздік департаментінің Атырау аймағы бойынша бас ревизоры Көбеев Жәнібек Асылбекұлымен сұхбатымыз осы тақырыпта өрбіді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

– Жәнібек Асылбекұлы, Атырау аймағы бойынша ревизорлар құрамының жұмысы жайлы айтып берсеңіз. Биылғы 9 айда қандай кемшіліктер болды, себеп-салдары не дегендей?

– Аймақ теміржолындағы қауіпсіздіктің сақталуы мен қамтамасыз етілуі ревизорлық аппарат мамандарының тікелей назарында. Біз қай жерде де келеңсіздіктердің алдын алу, оны болдырмау бағытында жұмыс жүргіземіз. Өткен 9 айда аймақтағы барлық теміржол мекемелерінде қозғалыс қауіпсіздігі бойынша 29 кемшілік анықталды – 15 оқиға және 14 инцидент. Соның ішінде Атырау жүк тасымалы мен Магистральдық желі бөлімшесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 3 жағдайы орын алды. Онда Атырау, Мақат станцияларында екі рет тепловоз, бір рет вагон рельстен шығып кеткен оқиға тіркелді. Бұл жерде машинистер мен пойыз құрастырушылардың, жолаушылардың да қателігі бар. Кемшіліктер тексеріліп, жауаптыларға тиісті шаралар қолданылды. Сондай-ақ, Ақжайық – Атырау станциялары аралығында адам басу оқиғасы тіркелді. Құлағына құлаққап киген адам тепловоз сигналын естімей, жауапсыздық салдарынан осындай қайғылы жағдай орын алды. Мұның бәрін айтып отырған себебім, қозғалыс қауіпсіздігіне тек ревизорлар жауапты болмауы керек, әрбір адам, маман ең алдымен қауіпсіздікке мән беріп, өзі үшін, өзге үшін өте сақ болу керек, әсіресе қауіп-қатері мол салада еңбек ететін теміржолшылар «екі шоқып, бір қарауды» дағдыға айналдырғаны жөн.

– Тексеріске жиі шығасыздар, негізінен қандай кемшіліктер орын алады?

– Жиі шығамыз. 9 айда 503 тексеру жүргізілді, оның ішінде кездейсоқ 85, мақсатты 375, түнгі 43 тексеру болды. Нәтижесінде 4544 кемшілік анықталды. Олардың көбі жылжымалы құрам мен техникалық құралдарды күтіп-ұстау мен пайдалану (53,01%), еңбек өндірісінің технологиялық талаптарының сақталмауы (33,09%), құжаттамаларды, аттестацияны жүргізудегі т.б. кемшіліктер. Вагондардан ақау табылса, оларды қайта жөндеуіне құрамнан алып тастаймыз, жол мен бағыттамалы бұрмалар сапасы талапқа сай болмаса, шектеу қоямыз немесе жөндеп болғанша мүлдем тоқтатамыз. Құралдар мен қондырғыларға



да осындай қатаң шаралар қолданылады.

– Мал басу оқиғасы да жиі орын алады, оған қандай амал жасап жатырсыздар?

– Өңірдегі ауа райы ерекшелігі, табиғи құбылыстардың да теміржолға кері әсерін тигізіп отырған жайы бар. Ең алдымен ол – мал басу оқиғасы. Биыл 31 оқиға тіркелген. Оның 23-і жол бойында болса, 8-і станцияларда болған. Бүгінде өңірде жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сол себепті ол учаскелерде жылдамдық та артқан. Тальго пойыздары сағатына 120-140 шақырыммен жүреді. Жалпы, өңірдегі жолдың 65 пайызы темірбетон жаңа шпалдарға, жаңа рельстерге ауыстырылған. Сол себепті пойыз жылдамдығы артатыны түсінікті және ол қажет нәрсе. Бірақ, жолда жүрген төрт түлік пойыздар қозғалысына кедергі келтіреді. Әсіресе, қауіпті саналатын жерлер – Атырау-Махамбет, Махамбет-Қызылжар, Бақсай-Аққыстау, Құлсары-Шоқпартоғай, Жантөре-Мұқшыр-Сағыз, Ганюшкино-Атырау аралықтары. Халыққа мал ұстама деп айтуға болмайды, бірақ малға бағым керек. Бұл мәселелерді жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының қарым-қатынасынсыз атқару мүмкін емес. Соған орай аудан әкімдеріне малды темір жол бойына жаймау, бақташы қою, мал иелеріне ескерту жұмыстарын жүргізу жөнінде талай хат жазылып, ескерту беріліп, жыны да өткізіліп жатыр, бірақ нәтиже көңіл көншітерліктей емес. 9 айда жол бойындағы малдың кесірінен жүріп келе жатқан пойызды 37 шұғыл тоқтату фактісі орын алған. Ол өткен жылға қарағанда 66 жағдайға аз. Бірақ бәрібір зияны бар, компанияға шығын келтіреді: тепловоз отын жоғалтады, пойыз уақыты мен кестесі бұзылады. Жол бойына мал өтпейтін қоршау салуды тоқтатпау керек.

Жыл сайын бір шақырымға болсын көбейе берсе, қауіпсіздікке де қатер азая түседі деген сөз. Өкінішке орай, биыл жоспарланған 77 шақырымға тікенең сым ұсақтылығы келмегендіктен салынбай қалды.

– Кей өңірлерде құм басу да қозғалыс қауіпсіздігіне кәдімгідей қатер төндіретіні рас қой?

– Теміржолды құм басу – Маңғыстау мен Атырау аймақтарындағы басты проблеманың бірі. Бізде әсіресе Қығаш-Атырау, 14, 15, Исатай, Нарын бекеттерінде тұзды топырақ жауып, жолды құм басады, сосын жаңбырмен тас болып қатып қалады. Ол пойыздардың жүруіне кедергі. Жолаушылар өз күштерімен тазалайды, бірақ табиғатқа қарсы тұру мүмкін емес, бүгін аршыған жерді ертең қайта құм басады. Ол өз кезегінде жолаушылар тасымалы мен жүк тасымалы кестесінің бұзылуына, пойыздардың тоқтап қалуына әкеліп соғады. Сондықтан жол жағасына сексеуіл, жыңғыл егу жұмыстары да үздіксіз жүргізілгені абзал. Сәл де болса тосқауыл.

– Жәнібек Асылбекұлы, жуырда күзгі тексеру өтті. Аймақ темір жолының қысқа дайындығын қалай бағалауға болады?

– Әрине, кемшіліксіз емес, қай мекемеде де басшылық тарапынан бақылау, қадағалау жұмысін соғып жатқаны рас, техникалық сабақтар сапасы да жақсартуды қажет етеді. Мамандар біліктілігін, білімін көтеру қажет. Жол сапасын жақсарту, байланыс құралдарын реттеу, вагондарды, локомотивтерді жөндеуді жолға қою сынды ескертпелер болды. Қысқа дайын болу үшін олардың бәрін шұғыл орындауға нұсқау берілді. Қауіпсіздік ревизорлары көктемгі және күзгі байқаулардан бөлек ай сайын өздеріне бекітілген телімдерге шығып, қауіпсіздіктің сақталуын қадағалайды. Мекемелерді аралап, қауіпсіздік жағдайын тексереді. Айына әр ревизор жобамен бірқатар нысанды қамтыған бірнеше акт тіркейді. Теміржолшылардың білімін тексеріп, осалдық танытқандарын қайта емтиханнан өткізеді. Тиісті тапсырмалар мен бағыт-бағдар береді. Қозғалыс қауіпсіздігінің мүлтіксіз сақталуын бақылайтын біздің ревизорлардың әрқайсысының бекітілген міндеті бар. Біреуі қозғалыс, екіншісі тепловоз шаруашылығын, үшіншісі жол, вагон, байланыс шаруашылығын қадағалайды. Бәрі де өндірісте шыңдалған сауатты да білікті мамандар.

– Өңіміңізге рахмет!

Суретті түсірген автор

## Безопасность

### В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

**Эффективные методы проведения профилактической работы по безопасности движения поездов обсудили участники семинара-совещания по теме «Безопасность движения поездов», прошедшего в Павлодаре с участием представителей департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ».**

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар

Сегодня проблема экстренных торможений – одна из главных на стальной магистрали. Масштабное рабочее заседание по одному из актуальных вопросов охватило все области страны. В нем приняли участие главные ревизоры департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» из всех регионов Республики Казахстан. У всех была возможность напрямую задать волнующие вопросы руководству и коллегам, также внести свои предложения. Кроме того, были услышаны мнения областной транспортной прокуратуры, линейного отдела полиции на станции Павлодар, департамента чрезвычайных ситуаций по Павлодарскому региону.

По информации главного ревизора Павлодарского участка Танирбергенов Кусаинова, основная проблема на железной дороге – экстренные торможения из-за нахождения безнадзорного скота на путях. За девять

месяцев 2022 года машинистами применено 116 экстренных торможений, из них 59 по причине нахождения скота на пути. Железнодорожники предложили усилить техническую оснащенность структурных подразделений.

С неутешительной статистикой начал свое выступление и заместитель директора департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Ниязбек Жанабаев.

– С начала года в ведомство поступило 265 информации по фактам нарушений на Павлодарском регионе, в том числе 39 информаций по случаям нахождения безнадзорного скота на железнодорожных путях. Более частые наезды на скот происходят на перегонах Ерейментау – Коржункуль, Жолкудук – БП-434 и ГРЭС-1 – ГРЭС-2. В последнем случае на перегоне Коржункуль – Ерейментау не удалось избежать наезда на скот, в результате чего под колесами электропоезда оказались семь лошадей. Последствия повлияли на движение поездов по данным направлениям, простой

составил около пяти часов. За девять месяцев в целом на магистральной железнодорожной сети допущено 58 случаев наезда на людей, из них 40 с летальным исходом. По регионам в антилидерах Алматы, Жамбыл, Шымкент. В сутки по стране происходят минимум 3-4 факта экстренных торможений. Профилактические беседы с населением не дают должного результата, – сказал Ниязбек Жанабаев.

Стоит отметить, что увеличилось число ДТП на переездах. За девять месяцев произошел 21 случай, из них в двух допущен сход подвижного состава с рельсов, в отдельных случаях погибли шесть человек.

Главный менеджер – ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Жанторе Есенгараев поднял еще один немаловажный вопрос – проезд запрещающих сигналов светофоров. С начала года зафиксировано пять случаев проезда по вине или невнимательности локомотивных бригад.

Фото Валерии СИМЧУК



## ВЗАИМНАЯ ЗАИНТЕРЕСОВАННОСТЬ

**Профилактические меры по предотвращению случаев наездов подвижного состава на посторонних людей, скот, хищение устройств инфраструктуры – стали главной темой «круглого стола» руководства Алматинского отделения магистральной сети с представителями транспортной прокуратуры, полиции и работниками акиматов.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

